**Бекітемін:**
**Оқуісінің орынбасары: Умбетова.Г**

<table>
<tr><td colspan="6">ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)</td><td colspan="5">.</td></tr>
<tr><td>Топ/сынып</td><td colspan="5">Мектепалды даярлық сынып</td></tr>
<tr><td>Балалардың жасы</td><td colspan="5">5 жасар балалар</td></tr>
<tr><td>Педагогтің аты-жөні</td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</td><td colspan="5">Наурыз айы 03.03.-07.03.2025ж</td></tr>
<tr><td>Апта күндері</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td>03.03.2025ж</td><td>04.03.2025ж</td><td>05.03.2025ж</td><td>06.03.2025ж</td><td>07.03.2025ж</td></tr>
<tr><td>Күн тәртібі</td><td colspan="5">«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Наурыз айы - Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы<br>1-апта дәйек сөзі : «Патриотизм – ата ананды құрметтей білуің:.......» Бауыржан Момышұлы</td></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Салемдесу<br>Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту.<br>Медбике тексеруі<br>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру</td><td colspan="5">. Ата-анаға кеңес:<br>Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа</td><td>Тәжірибе – "Отбасылық қамқорлық"<br>"Суық су – жылы су" тәжірибесін жүргізу арқылы көмектесу түсінігін беруБалалар жылы және суық</td><td>Экологиялық іс-әрекет – "Отбасылық бақша"<br>Табиғаттағы еңбекке қызығушылығын арттыру.<br>"Өсімдікке не қажет?" ойыны. Балалар топырақ, су, жарық</td><td>Еңбек іс-әрекеті – "Үйдегі тазалық"<br>Үй тазалығын сақтау маңызды екенін түсіндіру.<br>"Жоғалған ойыншық" ойыны арқылы заттарды орнына қоюды үйрету.</td><td>Үстел үсті және баспа ойындары<br>Мақсаты: Логикалық ойлау, зейін мен шыдамдылықты дамыту.<br>Ойын:Пазлдар құрастыру: Балалар</td><td>Кітап оқу<br>Мақсаты: Балалардың сөйлеу дағдысын, сөздік қорын, қиялын және шығармашылық ойлауын дамыту.<br>іс-әрекет Ертегі немесе әңгіме оқу (мысалы,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | судың айырмашылығын сезінеді."Көмек көрсет" ойыны арқылы бір-біріне көмектесудің маңызын түсінеді. **Сөздік қорды дамыту, қоршаға ортамен таныстыру** | туралы талқылайды.Бақшадағы өсімдіктерді отырғызу мен суару жолдарын үйренеді. **Сөздік қорды дамыту, зерттеу дағдысын қалыптастыру** | Отбасы мүшелерінің үйлесімді еңбегі туралы шағын әңгіме айту. **Отбасы құндылығын дамыту** | қысқа қатысты суреттерді толық жинақтайды. **Құрастыру, танымдық дағдыны дамыту** | "Мақта қыз бен мысық"). **Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет дағдысын дамыту** |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені | Таңғы жаттығу кешені | Таңғы жаттығу кешені | Таңғы жаттығу кешені | Таңғы жаттығу кешені |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық барысы** | **«Менің Қазақстаным» ҚР гимні Әңгіме «Адам қандай болуы керек?»** **Мақсаты**: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық) | **«Адам неге сенуі керек?» ойыны** ***(Доппен шеңберде)*** **Мақсаты**: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі | **Қауіпсіздік сабағы : «Даладағы қауіпті отындар »** (Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар) Мақсаты: балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету | **«Өз қорқыныштарың туралы айт» жаттығуы** **Мақсаты**: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту | **Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы** **Мақсаты**: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Математика негіздері** **Міндеті:** **Тең заттар.** - түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы . | **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** **Біз нені үйрендік,нені білдік? [ө]** -сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын | **Математика негіздері** **Міндеті:** **. Тең заттар.** -түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін | **Математика негіздері** **Міндеті:** **Тең заттар.** - түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау | **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** **Дыбыстық талдау** -төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; -сұраққа толық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру;<br>-зейінді, жадты, логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті**<br>**«Қазақстан барысы»** ертегісі -ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру;<br>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән | бекіту;<br>-буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту;<br>-ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.<br><br>**(Шығармашылық іс-әрекеттер)сурет**<br>**Міндеті:**<br><br>**Сәукелені әшекейлейміз**<br>**Алашаны әшекейлеу.**<br>**(Акварель бояу)** -қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Қайырлы таң.** -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын | өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру;<br>-зейінді, жадты, логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері . Міндеті:**<br>**Дыбыстық талдау [ұ] -сөздерге дыбыстық талдау** жасай білу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>**Спорт түрлері.** -қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен | білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру;<br>-зейінді, жадты, логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>**Жайлауда.** -балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Қайырлы таң.** -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын | тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>**Жаттығу – жеңіс кепілі!.** Айналмалы жаттығулар. -жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**<br>**Әз, Наурызым, армысың .(өлеңді жаттау)**<br>ОразақынАсқар -өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br><br>**Дене шынықтыру Міндеті**<br>Мұздағы ойын. - денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту. Міндеті**<br>**Жайлауда.** - балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. | элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру **Музыка тыңдау:**<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов) | еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет . Міндеті:**<br>**Көктем келді алақай!** - көктемнің алғашқы күндерінде болатын табиғат көріністері<br>-көктемнің алғашқы күндерінде болатын аналар мерекесіне орай жыр шумақтары | көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру **Музыка тыңдау:**<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br><br>**Қазақ тілі Міндеті:**<br>**Көңілді тапқырлар** клубы (КТК) - меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. | -ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:.** Өсімдіктерді қалай күту қажет? - балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту;<br>-өзімен қатар құрбыларымен достық қарымқатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Қар суын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Жануарларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Тамшыны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау.<br>Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br><br>**Өз бетімен ойындар:** Сүйікті | Жұмбақ.<br>Жатты да жатты,<br>Жылғаға жаратты.<br>(Қардың еруі)<br>**Бақылау.**<br>Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. | **әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру; көктемнің келуімен торғайлардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; құстарды бақылауға қызығушылықты ояту, оларды құрметтеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарды былтырғы шөптен тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; оңай, кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br>. | Мақсат-міндеттер.<br>Көктемгі жануарлардың тіршілігі туралы идеяларды жүйелеу; жануарлар тіршілігінің өзгеру себептерін табуға, себеп-салдар байланыстарын орнатуға үйрету; дәлелді сөйлеуді дамыту; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру техникасын жетілдіру. (ұзын арқанмен жаттығулар) | Мақсат-міндеттер.<br>Судың температураға байланысты өзгеруі туралы білімдерін бекіту; зерттеу қызметін үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жерді қазуға қатысу.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ұйымдасып жұмыс істеу қабілетін бекіту; еңбекқорлықты қалыптастыру, жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кілттер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Секіру (бір аяғымен), тар жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Секіру техникасын жетілдіру (ұзын арқанмен жаттығулар). |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлауға және заттардың қасиеттерін ажыратуға үйрету<br>**Ойын:** «Қайда орналасқан?»<br>Балалар заттарды мұғалімнің нұсқауына сәйкес (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта) орналастырады.<br>**Тапсырма:** Заттарды жуандығы және ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**Құрастыру:** Қағаздан және мата қиындыларынан ұлттық нақыштағы сурет құрастыру. | **Мақсаты:** Геометриялық фигураларды зерттеу және ұлттық ою-өрнек жасау<br>**Ойын:** «Ою құрастыр»<br>Балалар геометриялық фигуралардан ұлттық оюдың қарапайым үлгісін жасайды.<br>**Тапсырма:** Фигураларды түсі мен пішіні бойынша топтастыру.<br>**Құрастыру:** Қалдық материалдардан (түтікше, киіз, ағаш бөлігі) ұлттық әшекейлер жасау.<br>Балалар әртүрлі материалдарды пайдаланып шағын | **Мақсаты:** Шығармашылық ойлау мен қол шеберлігін дамыту<br>**Ойын:** «Түстерді сәйкестендір»<br>Балалар ұлттық бұйымдардан алынған элементтерді сәйкес түстерімен жұптастырады.<br>**Тапсырма:** Жуандығы мен ұзындығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Құрастыру:** Табиғи материалдардан ұлттық композиция жасау.<br>Балалар ағаш, жапырақ, мата қиындыларынан ұлттық нақыштағы шағын композиция құрастырады. | **Мақсаты:** Геометриялық фигураларды тану және оларды ұлттық бұйымдармен байланыстыру<br>**Ойын:** «Шаңырақты жина»<br>Балаларға әртүрлі пішіндегі бөліктер (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) беріледі. Олар шаңырақ бейнесін құрастырады.<br>**Тапсырма:** Геометриялық фигураларды көлеміне қарай топтастыру.<br>**Құрастыру:** Қағаздан шағын киіз үй жасауды жалғастыру, ұлттық өрнектерді қолдану. | **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлауды және заттардың орналасуын сипаттау<br>**Ойын:** «Даладағы киіз үй»<br>Балалар әртүрлі нысандарды (ағаш, киіз үй, тастар) даланың көрінісі ретінде қойып, олардың орналасуын сипаттайды.<br>**Тапсырма:** Заттарды ұзындығы мен жуандығына қарай салыстыру.<br>**Құрастыру:** Табиғи материалдардан дала көрінісін жасау Қағаз қиындылары, тас, бұтақтар пайдалану).<br>**Математика негізі,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы сан ы неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық | ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар киіз үйлердің немесе ұлттық бұйымдардың суретін мата мен қағаз қиындыларынан жасайды. **Математика негізі, құрастыру, эко материалдарды пайдалануға бейімдеу** | ұлттық бұйымдар құрастырады. **Математика негізі, құрастыру, эко материалдарды пайдалануға бейімдеу** | **Математика негізі, құрастыру, эко материалдарды пайдалануға бейімдеу** | **Математика негізі, құрастыру, эко материалдарды пайдалануға бейімдеу** | **құрастыру, эко материалдарды пайдалануға бейімдеу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көктем" тақпағын жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Анамның портреті"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту. | Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп).<br>**(қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Омпы**<br>**Мақсаты:** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Атбақыл**<br>**Мақсаты:** Ұлттық | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Көтермек**<br>**Мақсаты:** Балалардың | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тартыс**<br>**Мақсаты:** Қазақтың | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты:** Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы сан ы неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық | ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | ұлттық ойындарын жүргізу, аркан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, карауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу |

Бекітемін ______

Оқу ісінің орынбасары: Умбетова.Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | | | | | |
| Топ/сынып | Мектепалды даярлық сынып | | | | |
| Балалардың жасы | 5 жасар балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | Наурыз айы 2 апта 10.03.-14.03.2025ж | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | 10.03.2025ж | 11.03.2025ж | 12.03.2025ж | 13.03.2025ж | 14.03.2025ж |
| Күн тәртібі | **«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы апта дәйек сөзі «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту.<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>**Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>Қарамырза<br>Ойын басталмас бұрын ,онын ережесі түсіндіріледі.Біраз уакыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумагалейкум, Қарамырза !» - дейді Ойын тәртібі, бойынша сәлем салушы : «Уагалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп | Еңбек іс-әрекеті – "Үйдегі тазалық"<br>Үй тазалығын сақтау маңызды екенін түсіндіру. "Жоғалған ойыншық" ойыны арқылы заттарды орнына қоюды үйрету.<br>.Отбасы мүшелерінің үйлесімді еңбегі туралы шағын әңгіме айту. | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Айдапсал.**<br>Ойынаушылар екі топка бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.<br>Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен нөз есімі есімі берілген | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Шертпек.**<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Белбеу соқ**<br>Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топка бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | | ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді | тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. | |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу №11** | **Таңғы жаттығу №12** | **Жаттығу кешені:№ 13** | **Жаттығу кешені: №14** | **Жаттығу кешені: №15** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**«Аспан»**<br>Асапан ашық,көгілдір,<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Тереземнен көріп тұр | **«Сиқырлы таяқша»**<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін!<br>Мен бәріңе Денсаулық тілеймін! | **Шаттық шеңбер**<br>Табиғатқа қамкор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті да, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>Отбасы туралы өнегелі өсиет айту<br>Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан комкор болады. | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br>**Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында Бейтаныс Заттардан Аулақ Болу:** Ойын алаңында немесе аулада кездескен бөтен заттарды алмау керектігін түсіндіру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша**<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекеті** | **Математика негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралар( пішіндер) және денелер - фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Сөздің дыбыстық сызбасы** -қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру;<br>-сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>. Геометриялық фигуралар( пішіндер) және денелер - фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Геометриялық фигуралар( пішіндер) және денелер - фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Дыбыстық талдау** - төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру;<br>-үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалык диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті**<br>**Көктем**<br>**Көктемгі еңбек** -жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде колдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>**Стадион (таза ауада)** -балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**<br>**Мен ғарышкер боламын.** -дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету;<br>-ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, | **1 Сурет салу.**<br>**(Шығармашылық іс-әрекеттер)**<br>**Міндеті:**<br>**Ғарыш кемесі.** -ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту;<br>-Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыкка тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Менің туыстарым.** -музыкалык дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру;<br>-музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау;<br>-отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту.<br>Музыка тыңдау:<br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br>Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>**Суда тіршілік ететін жануарлар** -балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік | жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**. Міндеті:**<br>**Біз нені үйрендік? [к]** -сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>-штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>**«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)** -гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**. Міндеті:**<br>**Әз, Наурызым, армысың** .(өлеңді жаттау)<br>ОразақынАсқар -өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, | ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>**Мен ғарышкер боламын.** -дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету;<br>-ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.<br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Ғарыш әлеміне саяхат.** -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту;<br>-динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.<br><br>Қазақ тілі<br>**Міндеті:**<br>**Көктем келді, құс келді.** -жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; | эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>**Волейболшының жаттығуы.** -жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**<br>**Әз,Наурызым,армысың (өлеңдіжаттау) қайталау.Оразақын Асқар** -өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен Таныстыру**<br>**Міндеті:.**<br>**Көктем белгілері** -балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тілдерін дамыту. | қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;<br>-төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. | эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | - «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. | табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту;<br>-бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Ауа райының өзгеруі**<br>Балалармен бірге ауа райын бақылап, қарлы, бұлтты немесе желді күннің ерекшелігін талдау.<br>**Еңбек әрекеті**: Қармен ойнау алаңын сәндеу<br>Балалар қарды арнайы пішіндерге келтіріп, оны әдемілеуге қатысады.<br>Қысқы ойын: «Қардан көпір салу»<br>Балалар бірге қарды пайдаланып, шағын көпір жасайды. | **«Үйге қайтайық» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: зейінді, реакция жылдамдығын жетілдіру.<br>(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)<br><br>**«Орныңа тұр» аз қимылды ойын**<br>Мақсаты: заттардың орналасуын табу дағдыларын бекіту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. | **«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: балалардың жәндік, аң, құстардың қозғалу жолдары туралы білімін жетілдіру.<br><br>**(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)**<br>«Сонша қимыл жаса» аз қимылды ойын<br>Мақсаты: белгілі бір қозғалыстарды көбейту қабілетін жетілдіру.. | **«Алдымен не? Содан кейін не болады?» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгеріс реттілігі туралы білімді жетілдіру.<br><br>**(Қоршаған әлеммен танысу + математика)**<br>«Сен қалай өмір сүресің?»<br>Мақсаты: балалардың қимылды дұрыс сипаттау, және бір уақытта сөйлеу қабілетін, ойлау дағдысын, қимылды үйлестіруді жетілдіру. | **«Біл және атап айт» дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін бекіту.<br><br>**(Қоршаған әлеммен танысу +математика)**<br>**«Челночок» аз қимылды ойыны**<br>Мақсаты: физикалық қасиеттерді, ұжымшылдықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін бекіту |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | Құрастыру: Қағаздан және мата қиындыларынан ұлттық | Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй | Фотосуреттер карастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген | Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | нақыштағы сурет құрастыру. Балалар киіз үйлердің немесе ұлттық бұйымдардың суретін мата мен қағаз қиындыларынан жасайды. | құрастырамыз». | отбасы мүшелерін атау. | карастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . | әңгімелесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу | Шығармашылық дағдылар «Кітап емханасы» Мақсаты: балалардың кітап беттерін желімдеу үшін түзу жолақтарды кесуге үйрету | Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Суретті аяқта» дидактикалық ойыны Мақсаты: шығармашылық қиялды дамыту; геометриялық фигураларды бекіту | Танымдық және зияткерлік дағдылар «Неге ұқсас?» дидактикалық ойын Мақсаты: ұқсастық пен айырмашылық бойынша заттарды салыстыру | Қарым-қатынас дағдылары «Ертегіні суретте» ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерінің ең тән белгілері ишара және мимика арқылы жеткізуге үйрету |
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | «Ұлттық ойын-ұлт казынасы» Аркан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, аркан тартыс ойыны арқылы балалардың казақтың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір аркан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топка бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | Тамшыны бақылау Мақсаты: көктем туралы жұмбақтар, өлеңдер және оның көріну белгілері. Қармен тәжірибе. Судың үш қалыптағы түрін көрсету. **Табиғаттағы су айналымы** (карта-схема) **«Бұл қай кезде болады?»** дидактикалық ойын Мақсаты: маусымдық өзгерістер, күннің бөліктері, уақыт. Еңбек қызметі: қоқыс жинау бойынша ұжымдық жұмыс. «Салки» қимылды ойыны Мақсаты: кеңістікті шарлау мүмкіндігі. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) | Құстарды бақылау Қандай құстарды көреміз? Олар не істеуде? Қыста құстардың әрекеті олардың көктемгі әрекетінен несімен ерекшеленеді? Неліктен? **Еңбек қызметі: құстарға жем беру.** «Мысық және құстар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілік, ұқыптылық. «Ақ сүйек» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережелерін сақтау. Шығарылатын материалмен (күрек) тәуелсіз ойындар. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) | «Наурыз – көктем айы» әңгімесі Мақсаты: ерте көктемде балалардың табиғат туралы білімдерін байыту және нақтылау; балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі «Серуендеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: көктемде киімді топтау. «Лақтыру-ұстау» қимылды ойыны Мақсаты: доппен ойнау. Балалардың қалауымен қимылды ойын. «Аяқ киімнің бауын байла» ойын жаттығуы Мақсаты: балалардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) | Еріген қарды бақылау Мақсаты: көктем белгісі туралы түсінікті кеңейту. Күн сайын көктемгі қар еріп жер қарая бастайды. Күн сәулесі жерді қыздырып, **карды ерітеді. Ала кардың** кай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жақта ма, көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан кар тазалау. «Кімнің ұсталғанын тап» кимылды ойын Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту. «Біз көңілді балалар» кимылды ойыны Мақсаты: ауызша сигнал бойынша қимылды орындау кабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамыту + сыртқы әлеммен танысу) |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |